



СЫР ТАБИГАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

ДЕЛЕГАЦИЯ ИЗ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОЗНАКОМИЛАСЬ С РАБОТОЙ АССОЦИАЦИИ КОЖЕВЕННОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ ВО ФЛОРЕНЦИИ



Делегация во главе с акимом области Нурлыбеком Налибаевым ознакомилась с работой ассоциации кожевенной промышленности во Флоренции.

одежды, мебели и других товаров. Они экспортируют продукцию в более чем 122 стран мира. Сеть кожевенного производства насчитывает около

«Aldo Gliozzi» Эцио Кастеллани по экспорту шкур крупного рогатого скота и развитию кожевенного производства в регионе.

- В основном добывается нефть. Наша область занимает первое место в республике по росту обрабатывающей промышленности. поголовье скота в стране и регионе растет с каждым годом. В нашей области зарегистрировано более двух миллионов голов скота. Необходимо развивать кожевенные и шерстеперерабатывающие предприятия. В целом, есть возможность охватить рынок и экспортировать товары в страны дальнего и ближнего зарубежья. Мы готовы сотрудничать с вами, и вместе с предпринимателями приехали в специальную командировку, чтобы провести с вами переговоры, обменяться опытом.

Эцио Кастеллани выразил поддержку двустороннему сотрудничеству и отметил, что в дальнейшем возможно будут совместные проекты.



Фабрики в районе Санта-Кроче-суль-Арно в основном занимаются обработкой кожи для изготовления обуви,

600 предприятий, в которых работает более 8000 человек. Аким области провел переговоры с главой Ассоциации



- Большую часть экономики Кызылординской области составляет горнодобывающая отрасль, - сказал Н.Налибаев.

По материалам kzvesti.kz, фото: пресс-служба акима области.

В КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ВНЕДРЯЮТСЯ МЕТОДЫ ЭФФЕКТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ ВОДНЫМИ РЕСУРСАМИ



Об этом на выездном брифинге в Службе центральных коммуникаций сообщил аким Кызылординской области Нурлыбек Налибаев.

Объем использования водосберегающих технологий доведен до 4 тыс. 400 га. Это в 5 раз больше, чем в 2024 году.

- Лазерное планирование пахотных земель имеет большое значение для снижения расхода воды, - говорит аким области. - За последние годы аграрии лазерными планировщиками выровняли 55 тыс. гектаров рисовых полей. В результате удалось сэкономить воду на 30% и повысить производительность.

По материалам kzvesti.kz, фото: пресс-службы акимата области.

12+ №48(476)
11 желтоқсан
 декабрь 2024
 december
 Сәрсенбі • Среда • Wednesday

СПАСЕНИЕ АРАЛА: КАКИЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ДАЮТ ВОДНАЯ ДИПЛОМАТИЯ И НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ?



ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ

ВСЕГДА НА ПОЛНОМ ЗАРЯДЕ: В КАЗАХСТАНЕ ОТКРЫТО 200 СТАНЦИЙ ДЛЯ ЭЛЕКТРОМОБИЛЕЙ



ЧИТАЙТЕ НА 5-Й СТРАНИЦЕ

В САМОМ БОЛЬШОМ НАЦПАРКЕ КАЗАХСТАНА УСИЛИЛИ ОХРАНУ В ПРЕДНОВОГОДНИЙ ПЕРИОД



ЧИТАЙТЕ НА 7-Й СТРАНИЦЕ

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ	Кызылорда	Ср., 11 декабря 2024	Чт., 12 декабря 2024	Пт., 13 декабря 2024	Сб., 14 декабря 2024	Вс., 15 декабря 2024	Пн., 16 декабря 2024	Вт., 17 декабря 2024
Источник: gismeteo.kz	Ясно	-5°C	Ясно	+3°C	Пасмурно	0°C	Пасмурно	-6°C
Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.	↑1 м/с Ю	↑1 м/с Ю	↑3 м/с ЮВ	↑3 м/с Ю	↓3 м/с С	≈4 м/с В	↑2 м/с Ю	≈3 м/с В
	94% влажн.	94% влажн.	85% влажн.	83% влажн.	96% влажн.	93% влажн.	95% влажн.	88% влажн.
	767 мм рт.ст.	767 мм рт.ст.	762 мм рт.ст.	752 мм рт.ст.	751 мм рт.ст.	765 мм рт.ст.	772 мм рт.ст.	770 мм рт.ст.

АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ О ЕНПФ

1) Скажите, пожалуйста, как изменится пенсионный возраст в 2025 году?

В 2025 году пенсионный возраст не изменится ни для мужчин, ни для женщин. Для мужчин возраст выхода на пенсию составляет 63 года, для женщин – 61.

До 2028 года пенсионный возраст женщин останется на этом уровне, а затем в рамках пенсионной реформы, постепенно начнет подниматься:

с 1 января 2028 года – по достижении 61,5 года;

с 1 января 2029 года – по достижении 62 лет;

с 1 января 2030 года – по достижении 62,5 лет.

С 2031 года для женщин начнет действовать максимальный уровень пенсионного возраста – 63 года.

В 2025 году выходят на пенсию мужчины 1962 года рождения и женщины 1964-го.

2) Если гражданин Кыргызстана или России работает в Казахстане, будет ли он получать пенсию?

Пенсию за годы, отработанные в Казахстане, могут получать граждане других стран, входящих в Евразийский экономический союз (ЕАЭС). Это возможно благодаря Соглашению о пенсионном обеспечении трудящихся государств-членов ЕАЭС, которое было ратифицировано всеми участниками в 2021 году. Согласно этому документу, разрешается получать пенсионные выплаты за время работы в другой стране. То есть, если гражданин страны, входящей в ЕАЭС, трудоустроен в Казахстане, то после выхода на пенсию он может оформить пенсионные выплаты за счет накопленных за весь срок работы в нашей республике. Такая же ситуация складывается и с гражданами Казахстана, работающими в государствах, входящих в ЕАЭС: они будут получать пенсию за годы работы в этих странах наравне с их гражданами.

Главное условие получения пенсии за время работы в другом государстве – официальное трудоустройство. При оформлении пенсии подтвердить стаж работы в Казахстане после 1998 года можно в ЕНПФ, а его наличие до этой даты – в Комитете труда и социальной защиты населения.

3) Расскажите, пожалуйста, о специальной социальной выплате для граждан, работающих на вредных производствах.

Специальная социальная выплата для граждан, длительное время проработавших на вредных производствах, была введена в начале 2024 года. Она выплачивается из четырех источников: из республиканского бюджета, из компаний по страхованию жизни, за счет средств работодателей, а также за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов (ОППВ) и обязательных пенсионных взносов (ОПВ) из ЕНПФ. Чтобы ее назначили, за работником должны быть уплачены ОППВ в совокупности не менее 84 календарных месяцев, а также он обязан уволиться или перевестись на "безвредную" должность. Выплата назначается только после достижения работником 55 лет. Если работник соответствует всем требованиям, то ему положена полная выплата из всех четырех источников.

В случае же если казахстанец работал на таком производстве в прошлом, то он также может оформить спецвыплату. Условия ее получения не отличаются, но она будет осуществляться только из двух источников: из ЕНПФ и республиканского бюджета. Для ее оформления необходимо обращаться в Государственную корпорацию «Правительство для граждан» (ЦОН).

4) Скажите, пожалуйста, как я могу проверить информацию о включении детей в программу «Нацфонд-дети»?

Информацию о включении ребенка в список участников целевых требований в рамках программы «Нацфонд-детям» родители или другие законные представители несовершеннолетних лица могут проверить на сайте kids.enpf.kz по ИИН ребенка, где можно ознакомиться с условиями программы, получить инструкции, ответы на интересующие вопросы.

Также данные о начислениях каждому ребенку родители могут проверить в личном кабинете на портале egov.kz.

Казахстанцы, которым в 2024 исполняется 18 лет, могут самостоятельно проверить наличие у него свидетельства о рождении или удостоверения личности, корректность личных данных ребенка, а также их наличие в своем личном кабинете на портале «Электронного правительства». В случае отсутствия документов, необходимо обратиться в ЦОН по месту жительства. Если отсутствует, не установлено или некорректно указано гражданство ребенка, то следует обратиться в миграционную службу по месту проживания. После исправления ошибок целевые требования или целевые накопления из Нацфонда и начисленный на них инвестиционный доход будут полностью начислены в следующем году с учетом пропущенного периода.

Пресс-центр АО «ЕНПФ».

ЖЕРДІҢ ДЕГРАДАЦИЯСЫНЫҢ КӨШІ-ҚОН АҒЫНДАРЫНА ӘСЕРІ



Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар Министрлігі 2024 жылғы 2-13 желтоқсан аралығында Сауд Арабиясы Корольдігінің Эр-Рияд қаласында өтіп жатқан БҰҰ шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі Конвенциясы (БҰҰ ШПҚ) тараптарының 16-шы конференциясына белсенді қатысуда.

3 желтоқсанда ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев осы күннің екінші негізгі іс - шарасы – жер деградациясының көші-қон ағындарына әсеріне арналған министрлік диалогына қатысты.

Талқылауға сондай-ақ қазақстандық тараптан Шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі Конвенцияның ұлттық үйлестірушісі, ҚР АШМ Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мұрат Теміржанов қатысты.

Өз сөзінде Ерлан Нысанбаев: «Жер мен құрғақшылықтың деградациясы – бұл шұғыл іс-қимыл мен жаһандық ынтымақтастықты талап ететін сын-қатерлер. Қазақстан жерді қалпына келтіру, ресурстарды басқаруды жақсарту және әлеуметтік тұрақтылықты нығайту бойынша белсенді жұмыс істеуде. Біз әріптестерімізді барлық елдеріміз бен өңірлеріміз үшін тұрақты және гүлденген болашақ құру үшін ынтымақтастық пен бірлескен күш-жігерге шақырамыз» - деп атап өтті.

Бұл іс-шара Қазақстанға жерді қалпына келтіру саласындағы өзінің жетістіктері мен бастамаларын көрсетуге, сондай-ақ жаһандық экологиялық сын-қатерлерді бірлесіп шешу үшін халықаралық ынтымақтастықты күшейтуге мүмкіндік берді. Диалогқа қатысу еліміздің тәжірибеміз бен білісуге, халықаралық күш-жігерді қолдауға және барлық өңірлер үшін тұрақты және гүлденген болашақ құруға үлес қосуға дайын екендігін атап өтті.

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар Министрлігі, www.gov.kz материалдар бойынша.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – мемлекетіміздің бірден-бір қолға алған факторларының бірі. Оның алдын алу үшін көптеген іс-шаралар қолданылып, атқарылған жұмыс аз емес. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлық әлі де біздің қоғамның ауыр дерті болып отыр. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің көпшілігінде бар. Қазақстан да одан сырт қалған жоқ. Онымен қалай күресіп жатыр немесе қалай әшкерелеп отыр - ол басқа мәселе», деп атап өтті.

Сыбайлас жемқорлық – бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес – қоғам талабы. Мінсіз қоғам – жемқорлықсыз қоғам, салауатты өмір – паракорларсыз өмір, мықты мемлекет – жемқорларсыз мемлекет. Қазақстан Республикасының Президенті сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін айтты. Бұл бағытта бірқатар маңызды міндет атқарылған, атап айтқанда, Қазақстан халықаралық ГРЕКО ұйымына мүше болды, қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысуы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптау жұмыстары күшейтілді.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру

жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өз құқығын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білуі қажет. Осыған орай, басқарманың әлеуметтік желілерінде сыбайлас жемқорлық туралы, күресу жолдары, жемқорлық туралы қалай хабарлау керектігі жөнінде тұрақты түрде жарияланып тұрады.

Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып отыр. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздің құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағытталатын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуіміз керек.

Ш. АЙДАРОВА,
Жанакорған аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқарма басшысы.

СПАСЕНИЕ АРАЛА: КАКИЕ РЕЗУЛЬТАТЫ ДАЮТ ВОДНАЯ ДИПЛОМАТИЯ И НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ?

Есть ли успехи в деле спасения Арала? Какие результаты дали переговоры с соседними государствами по поводу использования трансграничных рек? На вопросы корреспондента агентства Kazinform ответил заместитель директора департамента международного сотрудничества Министерства водных ресурсов и ирригации РК Данияр Шарип.

Министерство водных ресурсов и ирригации провело 28 мероприятий с соседними государствами по вопросу использования трансграничных водоемов. В результате межгосударственной координационной водохозяйственной комиссии на 86-м заседании пришла к соглашению об обеспечении поступления в Арал во время поливного сезона 997 миллионов кубометров воды. Благодаря этому, в настоящее время объем воды в Северном Аральском море достиг 22 миллиардов кубометров. Для сравнения, если раньше в море в вегетационный период поступало 7-10 кубометров воды в секунду, то в этом году - 60-70 кубометров в секунду. Показатель увеличился в 10 раз. Этот уровень достиг 98% от запланированного объема, - пояснил Д. Шарип.

Следует отметить, что в последние несколько лет в поливной сезон в Арал поступало всего около 350-400 миллионов кубометров воды. С начала текущего года в Арал поступление воды составило более 2 миллиардов кубометров. Министерство планирует, что до конца года поступит еще 500 миллионов кубометров воды.

Тому, что объем воды в Аральском море достиг 22 миллиардов кубометров, способствовали три основных фактора. Здесь сыграли положительную роль водная дипломатия, перераспределение объемов поступления воды благодаря проведению анализа и исследований, а также внедрение крестьянами водосберегающих технологий. Кроме Арала, в этом году впервые в поливной сезон в озерные системы Акшатау-Сортак и Камыстыбас волжия моря поступило более 45 миллионов кубометров воды. Это оказывает положительное влияние на развитие рыбного хозяйства и туризма. Например, в последние годы снижается минерализация воды в Аральском море, это способствует росту численности рыбы. А именно, если с тех пор, как море сократилось, вылавливалось всего по 400 тонн рыбы в год, то теперь ежегодно вылавливают до 7,5-8 тысяч тонн, - говорит специалист.

В то же время, Министерство совместно со Всемирным банком разрабатывает проект второй очереди программы сохранения Северного Арала, направленный на стабильное обеспечение водой, развитие экономических и социальных инициатив.

Использование трансграничных рек

Важно отметить, что с созданием Министерства водных ресурсов и ирригации укрепились дипломатические отношения с соседними странами. Благодаря водной дипломатии и совместной работе с соседями Министерство смогло обеспечить южные регионы Казахстана необходимым объемом воды.

Как сообщил Д. Шарипов, в прошедший поливной сезон объем воды,



поступающей из соседних стран, оказалась больше, чем предусматривалось. Несмотря на многочисленные прогнозы о засухе, удалось не допустить дефицита и обеспечить аграриев водой.

В поливной сезон крестьянам было подано около 11 миллиардов кубометров воды - это триллион литров. Например, на сегодняшний день по межгосударственному каналу «Достык» из Таджикистана поступило 565,2 миллиона кубометров воды. Узбекистан дал в 2 раза больше воды, чем в прошлом году. В Шардарьинское водохранилище поступило более 4,7 миллиарда кубометров воды. В прошедший поливной сезон из Кыргызстана по реке Талас поступило 419 миллионов кубометров воды и по реке Шу 165,4 миллиона кубометров воды. В 2023 году в реку Талас поступило 323,8 миллиона кубометров воды, а в реку Шу - 133,5 миллиона кубометров, - сообщил Д. Шарип.

Он также отметил, что на постоянной основе проводятся встречи с представителями соседних стран. Например, в ноябре министр Нуржан Нуржитов принял участие в 87-м заседании Межгосударственной координационной водохозяйственной комиссии.

Заседание прошло в Ашхабаде (Туркменистан). В нем приняли участие руководители водных ведомств Таджикистана, Туркменистана и Узбекистана. Кыргызская сторона выступила в качестве наблюдателя. Ожидается, что до 1

апреля в Шардарьинское водохранилище поступит 11 миллиардов кубометров воды. Это даст возможность собрать в южной части страны необходимый объем воды для поливного сезона 2025 года, - сказал Д. Шарип.

Кроме того, с начала года из Кашагайского водохранилища через реку Или в озеро Балхаш направлено 13,5 миллиарда кубометров воды. В результате, в озере средний уровень воды достиг 341,6 метра по Балтийской отметке. Около 70% воды формируется за счет трансграничной реки Или.

По словам Д. Шарип, в этом году сток воды на водном посту Добын на границе с Китаем составил в среднем 384 кубометра в секунду, это на 17% больше прошлогоднего показателя.

Министерство водных ресурсов и ирригации разрабатывает проект межправительственного соглашения о разделе трансграничных рек между Казахстаном и Китаем. Основная цель соглашения - обеспечить поступление объема воды, дающего возможность поддержания уровня воды в озере Балхаш на оптимальном уровне. По результатам переговоров, в этом году впервые за последние 10 лет в Кашагайском водохранилище собралось более 18 миллиардов кубометров воды, оно наполнилось на 100%. Также благодаря переговорам с начала года по реке Жайык в Каспийское море было направлено 16,7 миллиарда кубометров воды. Средний многолетний сток реки Жайык составляет 9,46 кубических километров. Но в этом году объем воды превысил среднегодовую норму. Отмечу, что сток реки формируется в зависимости от объема воды, направляемой из Ириклинского водохранилища в России, - сказал специалист.

Напомним, в 2021 году Глава государства Касым-Жомарт Тоқаев поставил задачу: до 2025 года провести лесомелиоративные работы на общей площади 1,1 миллиона гектаров путем высадки саксаула на сухом дне Аральского моря, с целью улучшения экологической ситуации.

Как сообщалось ранее, Президент Касым-Жомарт Тоқаев выступил на церемонии открытия саммита One Water, проходящего в столице Саудовской Аравии. Глава государства отметил, что водная безопасность является основой устойчивого развития, экономического прогресса и охраны окружающей среды. Президент Казахстана говорил о том, что дефицит воды создает угрозу для продовольственной и энергетической безопасности, развития промышленности. По его мнению, стратегические инвестиции в водозооэффективное сельское хозяйство и возобновляемые источники энергии могут повысить устойчивость экономики и одновременно снизить нагрузку на окружающую среду.

Вода не имеет границ. Она связывает сообщества и экосистемы. В качестве председателя Международного фонда спасения Арала Казахстан поддерживает продвижение регионального сотрудничества и совместных действий, - сказал Президент.

По материалам М.Макубекова, inform.kz.
Фото: Министерство воды и ирригации РК.

ДЕЗИНФЕКЦИЯ, ДЕЗИНСЕКЦИЯ МЕН ДЕРАТИЗАЦИЯ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Дезинфекция (залалсыздандыру) дегеніміз - сыртқы ортада инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын әртүрлі дезинфекциялық препараттарды және құрал-жабдықтарды қолдана отырып жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Яғни жұқпалы және паразитарлық аурулардың кең таралып кетуін болдырмау үшін қолданылатын шаралардың бірі.

Қолдану мақсатына қарай дезинфекция (залалсыздандыру) екі түрге бөлінеді: сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру және ошақтық залалсыздандыру (күнделікті немесе ағымдық және қорытынды).

Сақтық (профилактикалық) залалсыздандыру шаралары емдеу-сауықтыру мекемелерінде ауруханашілік инфекцияның алдын-алу мақсатымен жүргізіледі.

Ошақтық залалсыздандырудың ағымдық түрінде инфекциялық және паразиттік ауру ошағындағы ағымдағы дезинфекциялауды науқасты күтетін адам, реконвалесцент немесе бактерия тасымалдаушы науқасты анықтаған сәттен бастап ауруханаға жатқызғанға дейін, үйде емдеу кезінде - сауыққанға дейін, реконвалесценттерде және бактерия тасымалдаушыларда - толық санаынаға дейін жүргізеді.

Жұқпалы және паразитарлық аурулар ошақтарында қорытынды дезинфекция науқас ауруханаға емдеуге жатқызылып, оқшауланғаннан кейін науқасты бір бөлімшеден екінші бөлімшеге ауыстырғаннан кейін, сондай-ақ науқас қайтыс болған кезден бастап бір тәулік ішінде жүзеге асырылады.

Дератизация - індет ауруларын тарататын кеміргіштерді (егеуқұйрық, тышқан, саршұнақ және т.б.) жоюға немесе санын азайтуға бағытталған іс-шараларының кешені. Дератизация кеміргіштер тарататын түрлі аурулардың (оба, туляремия, құтыру, сарып, күйдіргі, сальмонеллез, т.б.) қоздырғыштарын дер кезінде құрту, олардан сақтандыру үшін жүргізіледі. Сақтандыру үшін тұрғын үйлер мен ғимараттардың астындағы



жертөлелерді, қоймаларды, мал мен құс қораларын таза ұстап, азықты тышқан кіре алмайтын қоймаларда сақтайды. Тышқан інін бітейді.

Дератизациялау бірнеше типтерге бөлінеді:

Дезинсекция (ауру қоздырғыштарын тарататын зиянды жәндіктерді жою үшін мал фермаларында, құс фабрикаларында, ет комбинаттарында, қоймаларда, т.б. қолданылатын малдәрігерлік-санитарлық шаралардың бірі. Дезинсекцияның мақсаты - ауру қоздырып, тарататын жәндіктерді жою және олардың өсіп-өнуіне, көбеюіне жол бермеу. Дезинсекция шарасы өндірістік, тұрғын үй-жайларда, ғимараттарда, құрылыстарда, көлікте, қалалық және ауылдық мекен аумақтарында, су қоймаларын, сондай-ақ синантроптық буынаықтар мен кеміргіштердің табиғи мекендеу орындарын қоса алғанда, оларға іргелес ашық табиғат учаскелерінде жүргізіледі.

Жәндіктерге қарсы күрес үшін дезинсекцияның физикалық, механикалық, химиялық, биологиялық әдістері қолданылады. Физикалық әдісті қолдану кезінде ыстық не суық температурамен бұмен өңдеу, өртеу, жоғары тербелісті ультраток, иондаушы сәулелердің әсерін пайдалану арқылы ұсақ жәндіктерді жояды. Механикалық әдісті қолдану кезінде есік-терезе торланып, қоражай көң-қоқыстан тазартылады. Химиялық әдісті қолдану кезінде жәндіктерді жою үшін улы препараттар (ДДТ, гексахлоран, хлорофос, аграм және т.б.) қолданылады. Биологиялық әдісті қолдану кезінде жәндіктерді жоюға құс, балық, микроорганизмдер пайдаланылады. Дезинсекция арнайы мекемелер мамандарының бекітімімен белгіленген ережеге сай жүргізіледі. Әдетте дезинсекциялық шаралар дератизациямен қатар орындалады.

Жәндіктерге және (немесе) буынаықтарға қарсы профилактикалық дезинсекциялық өңдеудің үш типі қолданылады:

- 1) ошақтық - адамның инфекциялық және паразиттік аурулары ошақтарында және инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарында дезинсекциялау;
- 2) профилактикалық дезинсекция - әртүрлі объектілерде және табиғи жағдайларда дезинсекциялау, соның ішінде: жаппай - жәндіктердің нысаналы түрлері қоныстанған барлық үй-жайларда және іргелес аумақтарда жүргізіледі; барьерлік - белгілі бір объектілердің және (немесе) аумақтың айналасында қорғаныш аймақтарын құру.

Объектілерде дезинфекциялық, дезинсекциялық, дератизациялық іс-шаралар объекті әкімшісінің (тапсырыс берушінің) өкілі болғанда жүргізіледі. Өңдеуге жататын үй-жайдағы адамдарды жоспарланып отырған іс-шаралардың жүргізілуі және қажетті сақтық шаралары туралы хабардар етеді. Өңдеу жүргізілетін жерлерде өңдеуге қатысу жоқ адамдардың, сондай-ақ үй жануарларының болуына жол берілмейді.

Дезинфекция, дератизация, дезинсекциялық жұмыстарын жүргізетін адамдар жұмыс істеу барысында арнайы киіммен: халат, аяқ киім, респираторлар, резиналық қолғаптар, көздіктер киюі қажет және жеке бас қауіпсіздік заттарымен (СИЗ) қамтамасыз етілуі тиіс.

Дезинфекциялық, дератизациялық, дезинсекциялық шараларға қолданылатын улы препараттар желдетілетін, стеллаждармен, сөрелермен, шкафттармен жабдықталған арнайы үй-жайларда, қоймаларда сақталады.

Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы.

Ұнды Фортификациялау

Фортификация дегеніміз - ұнды тарту кезінде аз мөлшерде дәрумендер мен минералды (премикс деп аталатын витаминді-минералды кешен) қосу процесі. Бұл өнімнің сапасы мен қоректілік құндылығын арттыруға мүмкіндік береді. Барлығымыз білетіндей, бидай әлемдегі кең таралған астық дақыл болып табылады, адамдар оның көп үлесін тұтынады. Бидайдың табиғи құрамы В1 (тиамин), В2 (рибофлавин), В6 (пиридоксин), Е дәрумендеріне, ниацинге, сонымен қатар, темір мен мырышқа бай. Алайда, осы қоректік заттар бидайдың сыртқы қабығында жинақталғандықтан, ұнды тарту кезінде олар өз құрамын жоғалтып алады. Бұл ретте ұнды фортификациялаудың көп көмегі тиеді. Бұлардың қайта қалпына келтірудің бірден-бір жолы - ұнды дәрумендермен және микроэлементтермен байыту. Фортификация процесі кезінде жоғары және бірінші сұрыптағы бір тонна ұнға 150 грамм темір, мырыш қоспалары, фоллий қышқылы мен В - тобының дәрумендері қосылады. Қоспа элементтері тағамдық сапаны арттырады, бірақ ұнның органикалық және басқа да қасиеттеріне әсерін тигізбейді және жанама құбылыстарды тудырмайды. Фортификацияланған ұнның сақтау мерзімі алты ай. Сонымен бірге, ұн тез өткізілетін өнім болғандықтан, кәсіпорындарда ұнның нақты сақтау мерзімі жиірек 3-6 аймен шектеліп, 6 айдан аспайды.

Адамның денсаулығына қауіпі бар проблемалардың бірі - ол ас үлесіндегі темір мен фоллий қышқылы сияқты дәрумендер мен минералдардың жетіспеушілігі «Анемияға» әкеп соғады. Гемоглобин нормасы қалыпқа келу үшін байытылған ұн мен нанды бір-екі жыл тұрақты қолдану қажет.

Темір мен фоллий қышқылы жетіспеушілігі салдарынан ересек адамдарға келетін салдар:

- Анемиясы бар әйелдер аз салмақтағы балаларды 30-40 пайыз жиірек босанады;
- Барлық жүрек-қан тамыр, иммундық, эндокриндік, жүйке және басқа ағза мен жүйелер функциялары



бұзылады:
- Шала тууға, күтпеген түсік пен өлі тууға, нәрестенің дамуындағы туа біткен ақаулығы: бас миының жоқтығы, ми жарығының, омыртканың бөлшектенуі;
- Туберкулезбен қоса, созылмалы жұқпалы аурулардың ұзақ және қатты ауруы барысына икемделуіне әкеп соғады.
Фортификацияланған ұнды күнделікті тұтынуды үрдіске айналдыруға мән бергендеріңіз дұрыс.

Жанар Пермебайқызы БИСЕНБАЙ,
Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының жетекші маманы.

ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Жыл сайын 24 наурызда Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күні атап өтеледі. Дәл осы күні 1882 жылы 24 наурызда неміс микробиологы Роберт Кох Берлинде сөз сөйлеп, осы қауіпті аурудың қоздырғышы - туберкулез микобактериясының табылғанын жариялады, бұл осы ауруды диагностикалау мен емдеуде анағұрлым ілгерілеуге мүмкіндік берді.

Аудан көлемінде 2024 жылдың қаңтар-мамыр айларында туберкулез ауруының 10 жаңа жағдайы тіркелді. Тіркелген туберкулездің 10 жаңа жағдайының ішінде 8-і өкпе туберкулезі (5-і БК+), 2-і өкпеден тыс туберкулез. 2024 жылдың осы уақытымен салыстырғанда өкпе туберкулезінің жаңа жағдайы 5 жағдайға өскен (2023 жылы 5 туберкулез ауруы тіркелген). Туберкулез ауруының жаңа жағдайы бойынша 100 мың халыққа шаққандағы аурушаңдық көрсеткіші - 22,1.

Туберкулез әлі күнге дейін әлемдік денсаулық сақтаудың өзекті мәселесі болып отыр.

Туберкулез (лат. Tuberculum) - микобактериялардың әртүрлі түрлерінен, әдетте туберкулез микобактериясынан (яғни Кох таяқшасы) туындайтын әлемде көп таралған адам мен жануарлардың жұқпалы ауруы.

Туберкулез микобактериясының қоршаған ортадағы төзімділігі:

- Ылғал, қараңғы жерде 23 С температурада 7 жылға дейін; қараңғы, құрғақ жерде (ауру жұқтырған адамның қақырығында немесе шаң-тозаңда) 10-12 айға дейін; көшедегі шаң-тозаңда (яғни құрғақ, жарық жерде) 2 айға дейін; кітап беттерінде 3 айға дейін; суда 5 айға дейін; топырақта 6 айға дейін;
- Шикі сүтте 2 аптаға дейін, май мен ірімшікте 1 жылға дейін сақталады.

Ультракүлгін сәулелер туберкулез микобактериясына зиянды әсер етеді, сондықтан тікелей күн сәулесі әсер еткенде, сондай-ақ қайнату кезінде олар 3-5 минут ішінде жойылады.

Туберкулездің дамуына ықпал ететін факторлар:

- Ауру адаммен тұрмыстық байланыс;
- Қолайсыз әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар (ылғал, шаңды, желдетілмейтін жерлерде жиі болу);
- Ұзақ уақыт темекі шегу;
- Шамадан тыс шаршау, дұрыс тамақтанбау, стресс;
- Созылмалы аурулар (өкпе аурулары, қант диабеті, асқазан мен ұлтабардың ойық жарасы, алкогольизм, нашақорлық);
- Иммунитет тапшылығы, оның ішінде АИТВ және ЖИТС.

Инфекция көзі:
- Туберкулездің белсенді түрімен ауыратын адам;
- Ауру жануарлар.

Инфекция жолдары:
- Ауа-тамшы жолымен (жөтелгенде, түшкіргенде, науқаспен сөйлескенде, құрамында микобактериялар бар шаң арқылы).



- Тұрмыстық байланыс арқылы (зақымдалған тері және сілемейлі қабат арқылы);
- Алиментарлы жолмен (ауру үй жануарынан алынған өнім арқылы), өте сирек кездеседі.
- Негізгі белгілері:
- Тез шаршау және жалпы әлсіздік пайда болуы.
- Тәбеттің төмендеуі немесе мүлдем болмауы, салмақ тастау.
- Қатты терлеу, әсіресе таңертең және негізінен дененің жоғарғы бөлігі терлеуі.
- Аз ғана физикалық күш жұмсағанда енгіту.
- Дене температурасының 37,2-37, 8°С дейін шамалы көтерілуі.
- Ұзаққа созылған, емге көнбейтін жөтел немесе қақырықты жөтел (қан болуы ықтимал).
- Алдын алу шаралары:
- Бала туылғанда БЦЖ вакцинациясын салдыру / 6-7 жаста ревакцинация алу және химиопрофилактика.
- Жыл сайын диспансерлік бақылану және ауруды ерте сатысында анықтау (жылына кемінде 1 рет флюорографиялық тексеруден өту).
- Салауатты өмір салтын ұстану (дұрыс тамақтану, жаман әдеттерден бас тарту, дене шынықтыру, спортпен шұғылдану, шынығу).
- Жеке және қоғамдық гигиена қағидаларын сақтау.

Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы.

ВСЕГДА НА ПОЛНОМ ЗАРЯДЕ: В КАЗАХСТАНЕ ОТКРЫТО 200 СТАНЦИЙ ДЛЯ ЭЛЕКТРОМОБИЛЕЙ

Заряжать свой электрокар стало еще удобнее, так заверяют в компании, которая смогла охватить семью станций популярными дорожными маршрутами в Казахстане.

Qazaq Energy Charge (QEC) начала свою работу год назад с идеи о заботе об окружающей среде и возрастающем спросе на электрокары у казахстанцев. Чтобы создать инфраструктуру для EV-автомобилей, в декабре 2023 года была открыта первая станция. К маю 2024 года количество зарядных станций возросло до 100, а к концу года – до 200 станций.

"До 2023 года, по официальной статистике, было 800 электрокаров. На сегодняшний день эта цифра выросла в 15 раз. Главным сдерживающим фактором роста продаж и количества электромобилей долгое время была нехватка необходимой инфраструктуры. Однако, поскольку мы активно создаем и улучшаем эту инфраструктуру, мы уверены, что спрос и количество электромобилей будут продолжать расти", - рассказал представитель компании Иван Мельниченко.

Новые комфортные хабы.
В октябре 2024 года QEC создала в Астане хаб нового формата, где есть супербыстрая зарядная EV-станция с повышенной мощностью 480 киловатт. В планах компании увеличить количество таких хабов и оснастить их дополнительной инфраструктурой: фуд-



кортами и лаундж-зонами для комфортного времяпровождения водителей электрокаров.

Кстати, о системе управления. Управлять процессом зарядки автомобиля водитель может с помощью приложения Vlife. Там же клиент накапливает баллы, может забронировать станцию зарядки и просматривать акционные предложения. На выбор водителям

предоставляется несколько абонементов под разные запросы и бюджет.

Какие маршруты доступны?

Компания придерживается постулата "Всегда на полном заряде". Это значит, что по пути следования электрокара водителю должно быть доступно достаточное количество зарядных станций. Сейчас зарядные станции QEC расположены по следующим направлениям: Астана – Алматы, Алматы – Шымкент, Туркестан – Кызылорда. Также станции охватили все крупные города страны. В планах открытие станций по еще одному популярному маршруту Астана – Костанай. Благодаря этому междугородние поездки и путешествия на длинные расстояния стали возможны и для владельцев электрокаров. Компания стала первой в Казахстане, кто развивает сеть зарядных станций не только в больших городах, но и на трассах.

Где искать станции?

Станции для электрокаров Qazaq Energy Charge удобно размещает возле отелей, частных клиник и ресторанов. Также, благодаря сотрудничеству с некоторыми сетями автозаправок, EV-станции можно найти и на их территории. Qazaq Energy Charge заинтересована в дальнейшем повышении спроса на электромобили и создании комфортных условий для водителей экологичного транспорта.

Стоит также отметить, что компания активно ведет работу в направлении B2B продаж, сотрудничая с коммерческими организациями, которые стремятся к переходу на EV-автомобили и видят перспективу в этом направлении.

По материалам tengrinenews.kz, фото: Qazaq Energy Charge.

БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР



Балалардың денсаулық жағдайы, олардың білім мен тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланысты. Сондықтан балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын сақтау, оларда салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру және балалардың денсаулығын қалыптастыру мақсатында негізгі факторлардың ұстанымы өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Балалардың денсаулығын қалыптастыру үшін төмендегі негізгі факторлар мыналар:

- Ата-аналардың денсаулығы мен конституциясына әсер етуші факторлар;
- Ауаның, судың, топырақтың санитарлық-гигиеналық сипаты;
- Балалар мен жасөспірімдердің іс-әрекет гигиенасы;
- Жалпы білім беру мектептеріндегі оқу-тәрбие процесі;
- Еңбек жағдайына қойылатын гигиеналық талаптар;
- Денешынықтыру тәрбиесінің физиологиялық-гигиеналық негіздері;
- Балалар мен жасөспірімдерді шынықтыру;
- Балалар мен жасөспірімдердің тамақтануының гигиеналық негіздері;
- Сәбидің мектепке дейінгі мекемелерде болу жағдайының санитарлық-гигиеналық сипаты.

А.ҚАРЫМСАҚОВА,
Жалағаш аудандық СЭББ басшысы.

Г.С.АЙМБЕТОВА,
Жалағаш аудандық СЭББ басшысы жетекші маманы.

АЗАМАТТАРДЫҢ ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ БАНКРОТТЫҒЫ ТУРАЛЫ



"Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңы банкроттық рәсімдерінің 3 түрін - соттан тыс банкроттықты, сот банкроттығын және төлем қабілеттілігін қалпына келтіруді көздейді.

Барлық үш рәсімдерді тек борышкердің өзі бастайды, яғни кредитор борышкерге қатысты бұл рәсімдерді қолдануға құқығы жоқ. Бірінші рәсім: соттан тыс банкроттықты тек банктер, МҚҰ және коллекторлық агенттіктер алдындағы қарыздар бойынша қолдануға болады. Азаматтар соттан тыс банкроттықты келесі жағдайларда қолдана алады:

- банктер, микроқаржы ұйымдары және коллекторлар алдындағы борыш 5,9 млн. теңгеден (1600 АЕК) аспайды;
- банктер, микроқаржы ұйымдары, коллекторлар алдындағы міндеттемелер бойынша мұндай арыз берілген күнге қатарынан 12-ай бойы өтеудің болмауы;
- ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы;
- мерзімі өткен берешек бойынша банкпен реттеу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуі.

Сонымен қатар, заң жобасымен:

- 6 ай ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатын азаматтар үшін;
- 5 жылдан астам уақыт қарызы өтелмеген азаматтар үшін ерекше жағдайлар қарастырылған.

5,9 млн.теңгеден астам борыштар және қарыздың қалған түрлері бойынша азаматтар сот банкроттығын қолдана алады.

Сот банкроттығының мақсаты банкроттың мүлдік массасы есебінен кредиторлардың талаптарын барынша қанағаттандыру болып табылады.

Үшінші рәсім - төлем қабілеттілігін қалпына келтіру, сотта қарыздарды төлеуге бөліп-бөліп төлеу мүмкіндігін (5 жылға дейін), тұрақты табыс болған жағдайда көздейді.

Г. КЕМАЛИ,
Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер Басқармасының бас маманы.

РАДИАЦИЯ. РАДИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ

1. Радиация - иондану сәуле шығаруы. Адамзат баласы жер бетінде пайда болған кезден бастап, табиғи радиоактивті заттардан қажетті дозасын алып отырған, әсіресе, радиоактивті сәулені жерден алады. Қалған бөлігі космос сәулесімен келеді. Жылына адам 200 мР радиация қабылдайды. Жер шарының әрбір аймақтарында тұратын халықтар әр түрлі мөлшерде радиация алады. Жылына жалпы алғанда 50-ден 1000 мР радиация қабылдайды. Қазіргі кезеңнің өзекті мәселелерінің бірі - радиациялық ластану болып қалып отыр. Радиоактивті ластанумен күресу тек алдын алу сипатында ғана болады. Себебі табиғи ортаның мұндай ластануын нейтралдайтын биологиялық ыдырату әдістері де, басқа да механизмдері де жоқ. Қоректік тізбек бойынша тарала отырып (өсімдіктерден жануарларға) радиоактивті заттар азық-түлік өнімдерімен бірге адам ағзасына түсіп, адам денсаулығына зиянды мөлшерге дейін жиналуы мүмкін.

Радиоактивті ластану - қоршаған ортаны өте қауіпті әсер әкелетін физикалық ластанудың түрі. Радиациялық ластанудың мынадай топтарға бөледі:

1) Радиоактивті заттардың бөлінуінің нәтижесінде пайда болатын альфа - (гелий ядросы), бета - (жылдам электрондар) бөлшектердің және гамма - сәулеленулердің әсерінен болатын радиациялық ластану (физикалық ластану түрі);

2) Қоршаған ортадағы радиоактивті заттардың мөлшерінің көбеюіне байланысты болатын ластану (химиялық ластану түрі). Адам өміріне өте қауіпті радиациялық антропогендік әсерлер адамзаттың мына іс-әрекетімен тығыз байланысты:

- Атом өнеркәсібі;
- Ядролық жарылыстар;
- Ядролық энергетика;
- Медицина және ғылым;

2. Иондаушы сәуле шығарудан қорғану.

Иондаушы сәулелерден қорғана білу үшін олардың өтімділік қасиеттерін білген жөн. Радиоактивті изотоптармен жұмыс істегенде, олардың өтімділігіне орай тиісті қауіпсіздік ережесін бұлжытпай орындау керек.

Альфа-бөлшек парақ қағазға тұтылып, одан өте алмайды. Алайда адам терісінде қалып қойса немесе ішкі органдарына тыныс жолымен, яғни жеген тағамы арқылы етіп кетсе, өте қауіпті.

Бета-бөлшектердің өтімділік қабілеті үлкен. Олар адам ағзасына 1-2 см тереңдеп ене алады. Алайда бірнеше миллиметр алюминий қаңылтыры оны толық жұтып алады.

Гамма-сәулеленің өтімділік қабілеті аса күшті. Сондықтан одан қорғану үшін қорғасынның немесе бетон плиталардың қалың қабаты пайдаланылады.

Радиацияға қарсы қолданатын препараттарды радиопротекторлар деп аталады. Олар радиоактивті элементтердің бөлшектері азғалардан шығару үшін неше түрлі химиялық препараттарды пайдаланады. Олар азғаларды радиациядан сақтап қалады. Иондалған сәулеленуді ем-дом ретінде пайдалануға болады. Дерттерге диагностика қою үшін де таңбаланған атомды пайдаланады.

Сәуле терапиясы мен кан, ауруларын емдеуге болады. Қауіпті ісіктерді де емдеу үшін бета-сәулесін пайдаланады. Адамдарды радиациядан қорғау Қазақстан Республикасының алдында тұрған аса күрделі мәселе. Қазақстан Республикасында адамдардың денсаулығына өте үлкен көңіл бөлінеді. Әсіресе экологиялық апатқа ұшыраған аймақтарда да тұратын халықтардың денсаулығы қатаң бақылауға алынған.

3. Радиациялық және химиялық барлау.

Радиациялық барлау - жергілікті жердің, ауа кеңістігінің, акваториялар мен әскери объектілердің радиоактивті зақымдану сипаты, ауқымы мен дәрежесі, сондай-ақ ядролық оқ-дәрілерді сақтау (өндіріс) орындары туралы мәліметтер алу. Радиациялық барлау әскерлердің (күштердің) ұрыс қимылдарының барлық түрлерінде ұйымдастырылады. Оны радиациялық және химиялық барлау бөлімшелері, ұшақ (тікұшақ) экипаждары, сондай-ақ радиациялық барлау аспаптарын қолдану арқылы барлық әскерлер (күштер) тектерінің барлау бөлімшелері және бақылаушылары жүргізеді. Акваторияны радиациялық барлауды арнайы (рейттік) кагерлер, ұшақ (тікұшақ) экипаждары, ал әуе кеңістігін радиациялық барлауды арнайы дайындалған ұшақ (тікұшақ) экипаждары жүргізеді.

Химиялық барлау - әскердің орналасқан жерін және жүретін маршруттарын химиялық жолмен барлау арқылы қарсыластың уандырғыш заттар қолдану мүмкіндігін анықтау. Химиялық барлаудың міндеті жергілікті жерлерде, ауада әскери

техникадағы уандырғыш заттарды тез арада табу, уланған аймақтың шекарасын анықтап бөлімге (бөлімшеге) хабарлау, уандырғыш заттардың түрін анықтап, айналып өту жолдары мен уланған аудандардағы неғұрлым қауіпсіз аймақтарды анықтау. Химиялық барлау барлық бөлімдер мен ротаға дейінгі бөлімшелерде химиялық әскерлер, сондай-ақ арнайы дайындықтан өткен әр түрлі әскер түрлеріндегі бөлімшелердің, есептердің, экипаждардың көмегімен үнемі үздіксіз жүргізіліп тұрады. Химиялық барлау міндетін орындау үшін химиялық бақылау орындары (постылар), химиялық барлау шолғындары және әскердің қозғалуын күзету немесе барлау үшін бөлінген бөлімшелердің құрамындағы арнайы химиялық барлау топтары құралады.



4. Химиялық қауіптілік.

Химиялық қауіпті объектідегі апаттар. Химиялық өндіріс халық шаруашылығында кеңінен пайдаланады. Бірақ кейбір кездерде кішігірім апаттар орын алуға болады. Олар апаттар әсерінен химиялық зиянды заттар атмосферға тасталынып қоршаған ортаны ластануға. Химиялық өндірістің қауіпсіздігі шикізаттың және өнімнің физика химиялық қасиетіне, қондырғылардың сенімділігіне, технологиялық процестің сипатына, химиялық зиянды заттардың сақталу және тасымалдау шарттарына, бақылау құралдардың дәлдігі мен жағдайына, мамандардың профессионалдык біліктігі мен дайындығына және апатқа қарсы құралдардың тиімділігіне байланысты. Химиялық қауіпті заттардың тасталуы химиялық ластануға әкеліп соғады. Химиялық қауіпті заттар адам организміне тыныс алу жүйесі және тері арқылы енеді. Химиялық қауіпті заттар адам организміне жара беттеріне де кіреді.

Химиялық қауіпті заттар адам организміне әсер жағынан 4 қауіпті классқа бөлінеді: өте қауіпті, жоғары қауіпті, орта қауіпті, қауіптілігі аз.

Химиялық саладағы апаттар 2 категорияға бөлінеді: жарылыс салдарынан болған апаттан технологиялық тізбектің және инженерлік қондырғының бұзылуы; апат салдарынан қосымша технологиялық және негізгі қондырғылардың зақымдануы.

Химиялық апаттардың топталуы.

1. Жеке. 2. Объектілі. 3. Жергілікті. 4. Регионалды. 5. Глобальды.
- Жеке - зақымдағы ұлы заттарды атмосфералық ауаға тастамаған апат.
 - Объектілі-зияндығы жоғары ұлы заттардың санитарлық қорғау зонасының радиусынан аспайтын апат.
 - Жергілікті-зияндылығы жоғары ұлы заттардың қоймасының қирауынан туындаған апат.
 - Регионалды-зияндылығы жоғары ұлы заттардың үлкен көлемді тасталуына алып келген апат.
 - Глобальді-үлкен химиялық қауіпті өндірістік барлық зияндылығы жоғары ұлы заттардың барлық қоймаларының толық қирауының салдарынан болатын апат.

Ф.Б. ЖАРМАХАНОВА,
ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ
РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының
ҚР ДСМ СЭБК «Ұлттық сараптама орталығы»
ШЖҚ РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының
Сырдария аудандық бөлімшесінің зертханашысы.

СКОЛЬКО ВЛАГИ НАКОПИЛА ПОЧВА В ЗЕРНОСЕЮЩИХ РЕГИОНАХ КАЗАХСТАНА?



Недостаточный уровень запасов влаги в основном сформировался на западе и равнинной части востока Казахстана, передает агентство Kazinform со ссылкой на РГП «Казгидромет».

Как сообщили в ведомстве, по результатам маршрутного обследования проведенного в октябре-ноябре 2024 года на большей части севера и юго-востока Казахстана в метровом слое почвы отмечается удовлетворительное и оптимальное увлажнение.

Запасы продуктивной почвенной влаги в Актобинской, Акмолинской, Карагандинской, Туркестанской и области Абай осенью 2024 года ниже, чем за тот же период в 2023 году.

На остальной территории зерносеющих регионов запасы влаги распределились в целом аналогично прошлому году.

Как пояснили метеорологи, при удовлетворительном увлажнении растениям достаточно почвенной влаги для нормального роста и развития, а оптимальное увлажнение почвы создает наилучшие условия для роста и развития растений.

При этом содержание влаги в почве зависит не только от ее увлажнения (количества выпавших осадков), но и во многом от типа и механического состава почвы.

Маршрутные обследования с определением запасов продуктивной влаги в почве проводились в разные даты с 4 октября по 25 ноября 2024 года перед началом промерзания почвы и образованием снежного покрова, отметили в Казгидромете.

По материалам К.Бокаевой,
inform.kz, фото: agroportal.ua.

ҚОРҚОРДЫҢ (КАЛЬЯН) АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕТІН ЗИЯНЫ



Қорқор (кальян) дегеніміз темекі сияқты табакты тартуға арналған құрал. Қорқор парсы тілінен аударғанда жұтатын түгінді сүзгіден өткізетін және салқындатып отыратын, шегуге арналған құрал дегенді білдіреді.

Қазіргі таңда көптеген адамдар қорқорды көңіл көтерудің жақсы жолы деп біледі. Алайда бұлайша көңіл көтерудің қаншалықты зиянды екенінен бейхабар. Қорқор зиянсыз, оның денсаулыққа тигізер кері әсері жоқ деп тұрады. Шындығына келер болсақ, табактың қандай түрін алып қарасақ та олардың барлығында

жүйкені улайтын никотин болады. Никотин шегетін адамның қалауын толық қанағаттандыру үшін, адамға 20-80 минут қорқор тартуға тура келеді. Бір сағат қорқор тартқан адам, бір темекі тартқан кездегіден 100-200 есе артық түгін жұтады.

Сондай-ақ оның өкпесіне, никотин мен зиянды заттардың аз болғанына қарамастан, тұншықтырғыш газ көп мөлшерде түседі. 45 минут бойы қорқор шеккен адам тұншықтырғыш газды, бір қорап шылым тартқан адамнан көбірек жұтады. Оны тарту кезінде көбірек күш жұмсауға тура келгендіктен, түгін өкпенің терен тұстарына кіріп кетеді екен. Қорқордың құрамында никотиннен басқа, адамның геніне кері әсер ететін бензопирен деген улы зат бар. Бензопирен – адам ағзасында қатерлі ісіктің пайда болуына ықпал етеді.

Әдетте қорқорды бірнеше адам болып тартады, яғни қорқордың мундштук деп аталатын сору түгінді бірнеше адам пайдаланады. Гигиеналық тұрғыдан бұл өте зиянды. Сілекей арқылы таралатын гепатит, герпес, туберкулез сияқты сырқаттардың жұғуына ықпал етеді. Қорқордың денсаулыққа зияны жоқ, оны сулы сүзгіші түгіннің токсиндерін тазартады деп алданбау керек!

Қорқор - бұл улардың, қарамайдың (смола) канцерогендер мен бактериялардың өте зиянды қоспаларын адам ағзасына тез жеткізетін «сәнді» аппарат. Қорқор тартушының ағзасында улы иісті газ ауқымды көлемде оттегі тапшылығын туындатып, шылым шегуші адамдікі сияқты мидың, жүректің, бауыр мен бүйректің жасушаларын зақымдайды. Қорқор түгінді қорқор тартушының қанына канцерогенді (обырды тудыратын заттар) өкпе тінін зақымдайтын ұшпалы альдегидтерді тікелей «жеткізеді».

Сондықтан салауатты өмір салтын ұстанайық!

Алия Сейтбекқызы СМАЙЛОВА,
Қармақшы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының санитарлық гигиеналық қадағалау және техникалық регламенттер талаптарының орындалуын бақылау бөлімінің бас маманы.

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ 10 АЙДАҒЫ ӨСІМІ 3,7 ТРЛН ТЕҢГЕДЕН АСТЫ

2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша отандастарымыздың зейнетақы активтері 21,6 трлн теңге болды. 10 ай ішінде 3,7 трлн теңгеден аса мөлшерге (20,8% жетті) өсті. Зейнетақы активтерінің жылдық өсімі – шамамен 4,4 трлн теңге (немесе 25,3%).



Міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі 2024 жылдың 01 қарашасына 20,7 трлн теңгеден асты (бір жылдағы өсім – 24,5%, жыл басынан бері - 19,9%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы жинақтары – шамамен 633,8 млрд теңге, бір жылдағы өсім – 15,3% ағымдағы жылдың басынан бергі өсім – 11,5%. Ең үлкен өсімді (бір жылға – 47,3%, жыл басынан бері - 39,2%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, оның көлемі – 7,3 млрд теңгеден асады.

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына қосымша қаражат – жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) түсуде. 2024 жылдың 10 айында ЖМЗЖ есебінен зейнетақы жинақтарының сомасы 194,9 млрд теңгеден асты.

Түсімдер
Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кірістер есебінен ұлғаяды. 2024 жылдың 10 айындағы салымшылардың шоттарына түскен зейнетақы жарналары 2,2 трлн теңгеден асты (өсім өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 29,7% немесе 514,6 млрд теңгеге артық).

Жарналардың барлық түрлері оң сипатты көрсетті:

МЗЖ есепке алынатын жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) жыл басынан бері 01.11.2024 жылға дейін шамамен 2 трлн теңге (бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 19,1% артық) түсті, МКЗЖ есепке алынатын ЖЗШ-ға 94,5 млрд теңге (өсім 19,8%), ЕЗЖ – 2,6 млрд теңге (өсім 38,0%) жиналды.

БЖЗҚ салымшыларының жеке және шартты зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық кіріс жыл басынан бері 01.11.2024 ж. шамамен 2,4 трлн теңге. Бұл сома өткен жылмен салыстырғанда 1,1 трлн теңгеге (немесе 92,8%) артық.

Төлемдер мен аударымдар

2024 жылдың 10 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар шамамен 990 млрд теңге болды. Бұл былтырғы сәйкес кезеңдегі төлемдер көлемінен 2 есеге жуық мөлшерге көп.

429,1 млрд теңге - тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдері (БЗТ).

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер шамамен 171,6 млрд аса теңге, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 39,8% жоғары.

Сондай-ақ, жыл басынан бергі 10 ай ішінде мұрагерлік бойынша төлемдер – 50,3 млрд теңге, ҚР шегінен тыс тұрақты тұруға кетуге байланысты төлемдер – 33,9 млрд теңге, мүгедектігі бар адамдарға төлемдер – 2,5 млрд теңгеден аса, жерлеуге төлемдер – шамамен 8,4 млрд теңге көлемінде жүзеге асырылды. Сақтандыру ұйымдарына 294,1 млрд теңгеден астам сома аударылды.

Зейнет жасына толуына байланысты БЖЗҚ-дан берілетін орташа айлық төлем - 33 865 теңге, ал ай сайынғы төлемнің ең жоғарғы сомасы - 945 752 теңге болды.

ЖЗШ саны

2024 жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны - 16,9 млн бірлік (шоттар саны жыл басынан бері 4,6 млн аса бірлікке немесе 37,5%-ға, бір жылда – 37,9%-ға өсті). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2024 жылдың 1 қарашасына шамамен 12,5 млн бірлікке тең. Оның ішінде: 11,1 млн - МЗЖ бойынша, 705,8 мың - МКЗЖ бойынша, шамамен 433,5 мыңы - ЕЗЖ есептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ЖМЗЖ ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - шамамен 4,5 млн бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлық өзекті ақпарат, соның ішінде республика өңірлері бойынша мәліметтер enpf.kz сайтындағы «Көрсеткіштер» бөлімінде орналастырылған.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

ҚР САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 121-БАБЫНА СӘЙКЕС САЛЫҚТЫҚ БЕРЕШЕКТІ МӘЖБҮРЛЕП ӨНДІРІП АЛУ ШАРАЛАРЫ

1. Салық төлеушінің салық алдындағы берешектері пайда болғаннан кейін салық органы тарапынан салық берешегін мерзімінде төлемеген заңды және дара кәсіпкерлерге қатысты мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылады.

